

ШОҚАН УӘЛИХАНОВТЫҢ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК, ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ

Т. Х. Рысқалиев, филос. ғылымдарының докторы, профессор
В. А. Есенғалиева, филос. ғылымдарының кандидаты, доцент, **Г. М. Хайруллина**

Жәңгір хан атындағы Батыс-Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Мақалада қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уәлихановтың саяси-әлеуметтік, философиялық көзқарастарын сипаттайтын өлмес, өшпес идеялары, ойлары қарастырылады. Шоқан еуразиялық идеяның басында тұрды. Ол қазақ және орыс халықтарын, олардың мәдениетін жақындастыруға күш жұмсады.

В статье авторы анализируют некоторые непреходящие идеи, замыслы, цели гениального казахского ученого, просветителя Чокана Валиханова, характеризующие его социально-политические и философские взгляды. Шокан стоит у истоков евразийской идеи. Он поставил перед собой задачу сблизить народы и культуры казахского и русского народов.

The authors analyses some non-passing ideas, plots, aims of Kazakh genius scientist Chokan Valikhanov characterizing his social-political and philosophical views. Chokan is at the beginnings of the Euroasian idea. He has set for himself a problem to pull together the people and cultures of the Kazakh and Russian people.

Ш. Уәлихановтың көзқарасы, зерттеушілер кезінде орынды атап көрсеткендей, тарихи тұрғыда аса бір күрделі кезеңде қалыптасты. Осы кезең туралы Шоқан: «Қазір ескі мен жаңаның арасында бірден байқала қоймайтын, бірақ өте қатал күрес жүріп жатыр», – деп жазды [1]. XIX ғасырдың орта тұсы Ресейде халықтың сана-сезімі оянып, үстемдік құрып тұрған басыбайлық жүйені жоюға бағытталған күрес өріс алған кез болатын. Декабристердің А. Н. Радищевтің, П. Я. Чаадаевтың ықпалымен қалыптасқан зиялылар, ойшылдар тобы – В. Г. Белинский, А. И. Герцен, Н. Г. Чернышевский, Н. А. Добролюбов, Петрашевский, Ф. М. Достоевский және басқалары – Ресейдегі қоғамдық өмірді радикалды өзгерту, экономикалық өрлеуге, мәдениетке, білімге жол ашу керектігін түсініп, белсенді әрекеттер жасауға кірісті. Әрине, бұл демократиялық үрдіс патша өкіметі тарапынан қарсылыққа тап болып, қуғынға ұшырады. Осы оқиғалардың жаңғырығы қазақ жеріне де жетіп жатты. Көршілес Омбыда, Орынборда, қазақ жеріндегі Семейде радикалды, демократиялық көзқарасы үшін жер ауып келген ойшылдар, оқымыстылар пайда болды. Олардың ықпалы Ы. Алтынсаринге, Ш. Уәлихановқа, А. Құнанбаевқа әртүрлі дәрежеде әсер етпей қоймады.

Шоқанның ауылында орыс сөзі, орыс тілі таңсық емес болатын. Шоқанның әжесі – аса сауатты, ақылды, орыс және шығыс халықтарының тілін білетін ханша Айғанымның, Шоқанның әкесі – полковник, Омбыдағы әскери училищені бітірген, Аманқарағай округінің аға сұлтаны Шыңғыстың үйінде орыстар – ғалымдар, инженерлер, Омбыдан келетін әскери адамдар – жиі болатын. 12 жасынан Омбы кадет корпусында – гуманитарлық, жаратылыстану және әскери салада жан-жақты білім беретін ең жақсы оқу орындарының бірінде – оқыған Шоқан орыс тілін, шығыс халықтарының тілін ғана емес, француз, неміс тілдерін де жетік білетін аса білімдар адам болды. Дарындылығымен, біліктілігімен, тапқырлығымен шәкірт Шоқан курстастарын да, ұстаздарын да таң қалдырды. Ресейде ғана емес, қазақ жерінде де халық бұқарасының тұрмыс жағдайы ол кезде аса ауыр халде болды.

Шоқанның жарияланған еңбектері мен мұрағат материалдарынан біз оның әлеуметтік көзқарасы орыс демократтарының көзқарасына жақын екендігін аңғарамыз. Бірақ Шоқан елдегі саяси ахуалды, орыс революциялық демократтары уағыздағандай, радикалды революциялық жолмен өзгерту қажет деп ойлаған жоқ. Оның үміт артқаны – оқу-ағарту, білім тарату, орыстың озық мәдениетін үйрену жолдары болды. Осы мақсатта билік тарапына қазақ даласында орыс мектептерін ашуды, басқа да білім ошақтарын көбейтуді ұсынды. Мынаны да айта кеткен жөн болар: орыс ғалымы, тарихшысы А. Н. Пыпин Шоқан туралы ол «алпысыншы жылдардағы

қозғалысқа қызығушылық танытып еді» дейді. Ал бұл қозғалыс Ресейдегі крепостнойлық тәртіпті жоюға бағытталғаны белгілі [2].

Әрине, Шоқан Уәлихановтың шығармаларында мүдделері қарама-қарсы топтар – байлар мен кедейлер бар екені, патриархалдық-феодалдық қазақ қоғамының екі тапқа: бір жағынан, сұлтан мен билер, байлар мен қожалар болып, қазақ қоғамының мәртебелі тобына, екінші жағынан, Шоқанның «дала пролетариаты» деп өзі айтқандай, кедейлер, жарлылар тобына бөлінетіні туралы ашық жазады. «Сұлтандар мен билердің пікірлері, – деп жазады Шоқан, – қадір тұтуға тіпті де лайық емес, өйткені түгел бір ұлттың мүдделері, шын әділдігіне келгенде, жеке сословиялық топтың көретін пайдасынан анағұрлым жоғары тұруы керек» [3].

Сонымен бірге Ш. Уәлиханов қазақ жеріне өкімдік пен заңсыздық әкелген патшалық отаршылдық саясатты қатал сынайды. Орыс достарына жазған хаттарында ол патша шенеуніктері қазақ халқының аңғалдығын, қараңғылығын пайдаланып, ашықтан-ашық тонап жатыр, – деп тура жазады.

«Сот реформасы жайында хат» деген еңбегінде Ш. Уәлиханов қоғамдағы үстем топтардың ниеті халықтың шын мұң-мұқтажына қайшы келетінін көрсетеді: «Қоғамның ... мәртебелі тобының пікірін халықтың жоғын жоқтаушы деп қарауға болмайды, өйткені ақсүйектер мен ауқатты адамдардың, жоғары мәртебелі қауым адамдарының мүддесі көбінесе қауымның, көпшіліктің мүддесіне кереғар, қарама-қайшы келеді» [4].

Бүгінгі таңда Қазақстанда, Ресейде еуразиялық идея, еуразиялық ілім етек жайып келеді. Біз осы идеяны алға тартып қана қоймай, оны іске асыруда жетекшілік рөл атқарып отырған біздің Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев екенін зор қанағаттанғандықпен айтып келеміз. Ал осы еуразиялық идеяны алғаш ұсынған қазақтың біртуар перзенті, ұлы ғалымы Шоқан Уәлиханов екенін біреу білсе, біреу білмеуі мүмкін.

Шоқан XIX ғасырдың ортасында ортақ тарихи тағдыры бар көршілес халықтарды біріктіретін еуразиялық қоғамдастық құру жөнінде ойланып толғанады. Қазіргі ШОС (Шанхай ынтымақтастық ұйымы) Ресейді, Қазақстанды, Қытайды, Қырғызстанды, Өзбекстанды және Тәжікстанды біріктіріп тұрған сондай еуразиялық қоғамдастық болып табылады. Биыл Астанада осы ұйымның онжылдық мерейтойы атап өтіледі. Көреген емес пе жап-жас Шоқан?!

Ресейдің Еуропаға да, Азияға да тікелей қатысы бар. Тап сондай жағдай Қазақстанға да тән. Бір кезде Шоқан аға сұлтандыққа сайланып, өзінің орыстармен орыс әкімшілігімен жақсы қарым-қатынасын пайдаланып, Қазақстандағы үш жүзді біріктіріп, біртұтас мемлекет құруды армандады. Бірақ патша үкіметі және жергілікті феодалдар оның бұл ойын жүзеге асыруға қарсы болды.

Сол кездің өзінде-ақ Шоқан еш те бір ұлттың, еш те бір мәдениеттің, тілдің құрып кетпеуін, алпауыт елдердің, империялардың (Қытай, Ресей) қол астындағы кішігірім ұлттарды, халықтарды жұтып қоймауы, керісінше, бұлардың дамып жетілуін қамтамасыз етуі керек деген батыл, бірақ жүзеге асуы қиын ойда болды. Бұл ой бүгінгі жаһандану дәуірінде жаңа мазмұнға, өзектілікке ие болып отыр.

Шоқанның пікірінше, әр халықтың, этностың, әр мәдениеттің, тілдің тарихта өз орны бар. Дамып жетілген отырықшы елдердің ғана емес, көшпенді халықтардың да өз мәдениеті, өркениеті, мемлекеттілігі болған және бар. Көшпенділер мәдениеті, көшпенділер философиясы туралы Шоқаннан бұрын айтқан ешкім болған жоқ. Асан Қайғыны ол «көшпенділердің философы» деп тектен тек айта салмаған. Өйткені Асан Қайғының «Жер ұйығы» көптеген халықтардың көкейкесті арманына айналған, Августиннің «Құдай қаласындай», Т. Кампанелланың «Күн қаласындай», Т. Мордың «Утопиясындай», немесе Әл-Фарабидің қайырымды қаласындай қиялдағы мекен. Біз қазір, академик Ғарифолла Есім айтып жазып жүргендей, Қазақстанды әртүрлі ұлттар мен этностардың «Жерұйығына» айналдыруды мақсат етіп, нақты қадамдар жасап жатырмыз.

Көшпенділер басқа өркениеттер үшін ара буын, дәнекер болып табылады. Қазір Қазақстан Шығыс пен Батысты жалғастыратын, олардың арасындағы экономикалық, мәдени, адами қатынастарды үйлестіретін аралық буынға айналды.

Орыс мәдениетінің, орыс тілінің, әдебиетінің, ғылымының Орта Азия халықтарына игілікті ықпалын Шоқан жиі-жиі атап көрсетеді. Академик Ә.Марғұлан жазғандай, Шоқан «Ресей мен Қазақстанның өзара жақындасуы тарихи қажеттіліктен туып отырғанын ол терең де дұрыс түсіне білді және сол процесті өз халқын ортағасырлық мешеулік пен жоқшылықтан мүмкіндігінше тезірек құтқаруға пайдаланбақ болды. Бұл оның жетістігі еді.» [5].

Сонымен бірге Шоқан орыс халқын, орыстың оқыған адамдарын, зиялыларын көшпенділер мәдениетімен, әдебиетімен, дәстүрімен таныстыруды да алдына мақсат етіп

қойды. Сол үшін ол қазақ, қырғыз, дұнған, ұйғыр әдебиетінің үлгілерімен («Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Манас» т.б.) орыстарды таныстырмақ болып, олардан үзінділер аударып бастырады.

Шоқан Уәлиханов қырғыз халқының өмірімен, тұрмысымен жақынырақ танысып, оның тарихы мен этнографиясын, фольклорын, ауыз әдебиетін терең зерттейді. Сөйтіп ол қырғыз халқы туралы өте бай тарихи-этнографиялық мәліметтер жинайды. Шоқан қырғыз халқының «Манас» атты атақты поэмасына алғаш рет көңіл бөліп, бірінші рет оны ғылыми жолмен жазып алып, оның «Көкетай ханның өлімі және оның асы» деген бір қызық үзіндісін орыс тіліне аударды. «Қырғыздар туралы жазбалар» деген көлемді шығармасында Шоқан «Манас» жыры туралы былай деп жазады: «Алатау қырғыздарының поэзиялық ең басты және ... данышпандық халық шығармасы «Манас туралы» дастан екені күмәнсіз. «Манас» бір адамның – Манас батырдың төңірегіне топтастырылған барша халық ертегілерінің, хикаялары мен аңыздарының, география, дін және салт-сана, әдет-ғұрып жөніндегі түсініктерінің энциклопедиялық жинағы. «Манас» – бүтін бір халықтың шығармасы, соның көп жылдық творчествосының жемісі – дала Илиадасы десе де болғандай» [6].

Мәдениеттер байланысы, Шоқанның түсінігінде бір жақты, тек Ресейден, яғни орталықтан Далаға, шетке қарай болмайды, әрқашанда екі жақты болады: Дала да, қазақтар мен қырғыздар да орыс халқын бірдеңеге үйрете алады, айталық, кеңдікке, қонақжайлыққа, бауырмалдыққа, тапқырлыққа, төзімділікке. Тағы да бүгінгі күнмен үндес ойға тап болып отырмыз. Өткен жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық еткен кезімізде біз төзімділікті, толеранттықты тектен тек бетке ұстар девиз етіп алмаған едік: бұл біздің қанымызға сіңген қасиет болатын. Шоқанның кадет корпусында бірге оқыған досы, ірі географ, Орта Азия халықтарының тұрмысын тиянақты зерттеген оқымысты Григорий Потаниннің пікірінше, Шоқан халықтардың достығын, ынтымақтастығын бәрінен де жоғары қойған. Ол алдымен өз халқын сүйді, өз отанының патриоты болды. Сонымен бірге ол – орыс патриоты, Сібірді, Ресейді сүйді; мұнымен де шектелмей, Европаны, бүкіл адамзатты жақсы көрді. Батысшыл бола тұрса да, Шоқан өзінің қазақ халқының ұлы екендігін ешуақытта естен шығармады. Шоқанның ұстанымын Г.Потанин бейнелі түрде матрешкаға – бір сандықтың ішіндегі бір сандыққа – теңейді.

Шоқанның тағы бір досы, ол туралы естелік жазған, Сібір халықтарының тарихын зерттеген ғалым Н. М. Ядринцев Шоқан туралы: «ол өз халқын сүюден айныған жоқ, ол еуропалық ағартушылық пен өз халқының ұлттық қасиетін ұштастыруды армандады», – деп жазды.

Орыс әдебиетінің, қоғамдық ойының зерттеушісі, академик А. Н. Пыпин Шоқанды азиялық пен еуропалықтың біртума қосындысы ретінде сипаттайды. Шоқан өз халқының өмір салтын да сүйді, сонымен бірге батыс өркениетін де жоғары бағалай білді. Өзінің көзқарасы жағынан ол орыс батысшылы еді – деп жазады.

Қытайдың, Ұлыбританияның Азиядағы, Орта Азиядағы саясатын жақсы білетін Шоқан өз халқының болашағы. Ресеймен, орыс халқымен бірге болуда екенін жақсы түсінді. Екі халықты жақындастыруға бар күш-жігерін, беделін жұмсады.

Шоқанның өзі шын мәнісіндегі еуразиялық тұлға болатын. Бір жағынан, жас та болса, ғылыми ортада танылған жан-жақты ғалым: этнограф, географ, тарихшы, лингвист, философ, өзіндік қолтаңбасы бар жазушы, Орыс географиялық қоғамының толық мүшесі. Екінші жағынан, текті тұқым тұяғы: Абылай ханның шөбересі, Уәлиханның немересі, аға сұлтанның баласы, жеті жұрттың тілін білген, еуропаша білімді біртуар тұлға.

Шоқан еуразиялық ортада, екі мәдениет аясында, екі рухани кеңістікте өмір сүрді. Ресейде де, өз елінде де жоғары беделге ие болды.

Әрине, Ресейде де, өз елінде де Шоқанның дарындылығын, танымалдығын көре алмаған тоғышарлар болды. Өзінің озық ойларын жүзеге асыруға Шоқан өз ортасынан қолдау таба алмады. Оның ойын түсінер адам болмады. Бұл жөнінде Г. Н. Потанин: «Егер қырғыз (қазақ – авторлар) халқының арасында Шоқанды оқи алатын орта болса, ол өз халқының кемегері, өз елі әдебиетінің қайта өркендеуінің басы болар еді», – деп жазды.

Шоқанның өз сөзін келтіре кету де артық болмас: «Бәрімен күресу жалғыз адамға қиын екен, – деп жазды ол бір хатында – ақиқат қандай айқын болса да, қазақ жерінде қараңғылықты, надандықты ысырып шығара алмайды екен».

Мынадай нақыл сөз бар: «Сен маған досыңның кім екенін айт, мен сенің кім екенінді айтайын» деген. Омбыда, кейінірек Семейде Шоқан айдауда жүрген, кейін солдаттық қызметте болған орыс жазушысы Федор Михайлович Достоевскиймен танысып, жас айырмашылығына

қарамастан достасып кетеді. Он шақты жыл хат алысып тұрады. Достоевский Шоқанмен бірге қазақ ауылдарын аралап, Арқатқа, Шыңғыс пен Тарбағатай тауларына барып қайтады. Шоқан арқылы орыс жазушысы қазақ халқының қилы-қилы тарихымен, мәдениетімен, салт-дәстүрімен танысады. Өзі де Шоқанның демократиялық, либералдық көзқарасының қалыптасуына, ғылыммен айналысуына ықпал етеді.

Шоқан Достоевскийге жазған бір хатында: «...Мен адамның нәзік сезімдері мен ақ ниеті туралы жазуға шебер емеспін, бірақ оның қажеті де жоқ қой деймін: менің Сізге қалай берілгендігімді және сізді қандай жақсы көретінімді, әрине өзіңіз де білесіз».

Шоқанның бұл хатына Достоевский шын жүрегінен шыққан жылы сөздермен былай деп жауап қайырады: «Сіз мені жақсы көремін деп жазыпсыз. Ал енді мен Сізге қысылмай-ақ тура айтамын – мен сізге ғашық болып қалдым. Мен ешуақытта да және ешкімге де, тіпті, туған ініме де, тап Сізге көңілім түскендей құштарлықты сезген емеспін...» Бұдан кейін Достоевский Шоқанға сенім артып, болашағын ойлап, ақыл-кеңес береді: «Қолға алған ісіңізді тастай көрмеңіз, – деп жазады Достоевский. – Сіздің материалдарыңыз өте көп. Сахара туралы мақала жазыңыз... Сіз өз тағдырыңызды Отаныңызға ерекше пайдалы болғандай етіп, соның игілігіне бағыштауыңызға болар еді. Мысалы, сахараның не екенін, оның маңызын және өз халқыңыздың Ресейге қандай қатысы бар екенін Ресей халқына түсіндірудің өзі ұлы мақсат, қасиетті іс емес пе. Еуропаша толық білім алған тұңғыш қырғыз (қазақ) екеніңізді есіңізге алыңыз. Оның үстіне тағдыр Сізді таза жанды, адал жүректі, абзал адам ғып жаратқан. Артта қалуға болмайды, жоқ, болмайды».

Шоқанға айрықша ықпал еткен, оның ғылыми ізденістеріне бағыт берген тағы бір адам П. П. Семенов-Тяньшанский еді. Ол да Шоқан жөнінде өте жоғары пікірде болды. Шоқан жөнінде жазған естелігінде Семенов-Тяньшанский: «... Ерекше қабілеттілігінің арқасында Уәлиханов Омбының кадет корпусын зор табыспен бітіріп шығып, кейін менің ықпалыммен Петербургтегі университетте лекция тындап, француз және неміс тілдерін жақсы меңгерді. Шығыстың, әсіресе, қырғыз тектес халықтардың тарихы жөнінде көп білетін тамаша оқымысты болып шықты».

«Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов Шығысты зерттеу ғылымында аққан жұлдыздай жарқ етті де жоқ болды – деп жазды белгілі ғалым, көрнекті археолог, академик В.И.Веселовский – орыс ориенталистері оны ілуде бір кездесетін ғажайып дарын иесі деп таныды және одан түрік халықтарының тағдыры жөнінде аса маңызды жаңалықтар ашады деп күткен еді».

Шоқантану ғылымының негізін қалаған академик Ә. Марғұлан Шоқанды «жан-жақты және терең білімді, алдыңғы қатарлы адам» ретінде бағалаған. Шоқан тарих, этнография саласында ғана емес, әдебиет, өнер, дін, философия жағынан да өшпес із, құнды мұра қалдырған ғалым.

Шоқанды әдебиетте «кометаға» теңейді, «феномен» деп есептейді. Ұлы жазушымыз Сәбит Мұқановтың Шоқанға арналған екі томдық романы «Аққан жұлдыз» деп аталады.

Шынында Шоқан жөнінде «жарқ етті де жоқ болды» деп айтуға болады. Орыс-кеңес ақыны, жазушысы Сергей Марков Шоқан туралы «Идущие к вершинам» («Сеңгірге сапар шеккендер») деген роман жазды.

Мақаланың соңында сол кісінің бір өлеңін қазақша аудармасында келтірейік:

Өзге өмір, қатал тағдыр менен де асқан,
Шақырған шабытымды әуел бастан.
Амал не көнбесіме? Әттең арман,
Қолымен құдіретті бір данышпан.
Басына асқар таудың барып шығып
Ұшында күрең сәуле күн жарасқан.
Бір шыңға қайран Шоқан хикаясын
Қасқайып жазса, шіркін, мәрмәр тастан.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Уәлиханов, Ш. Бес томдық шығ. жинағы / Ш. Уәлиханов. – 1 том. – 389 бет.
2. Анастасьев, Н. А. Абай: Тяжесть полета / Н. А. Анастасьев. – М.: Молодая гвардия; Астана:Фолиант. – 2008. – 182 с.
3. Уәлиханов, Ш. Таңдамалы / Ш.Уәлиханов. 2-бас. – Алматы : Жазушы. – 1985. – 80 бет., 79, 80 бет.
4. Марғұлан, Ә. Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың өмірі мен қызметі (очерк) / Ш. Уәлиханов. – Таңдамалы. – 2-бас. – 78 бет.
5. Уәлиханов, Ш. Таңдамалы / Ш.Уәлиханов. – 2-бас. – 247-248 беттер., 79 бет.
6. Анастасьев, Н. А. Абай... / Н. А. Анастасьев. – Астана:Фолиант. – 2008. – 182 б., 76 б., 64 б., 37 б., 76 б.